



Сабақтың тақырыбы: Ғарышкеме

Сабақтың мақсаты:

A1.2.3.1. Сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру

O 1.3.1.1. Таныс сөздерді тұтас оқу

T.қ 1.5.2.1. Әріп пен дыбысты ажырата білу, төл дыбыстарды дұрыс айту



Оқу нәтижесі:

Тақырып туралы қосымша мәліметтер біледі.

Тақырып мазмұнын түсінуі тиіс

Сабақтың басы:

- Ғарышкеменің іші қандай?
- Ғарышкеме қандай жылдамдықпен ұшады?
- Ғарышкерлер неге қабырғада байланған арнайы қапта ұйықтайды?


Жаңа сөздермен тасыру.


Ғарышкеме-космический корабль

ғарышкер-космонавт

зымыран-ракета

Шақырым-ракета





Айтылым: Суретке қарап, жоғарыдағы сұрақтарға жауап тап: Мынау-ғарышкеме. Ол 1 минутта 600-700 шақырым биікке ұшады. Ғарышкеме жерге қайтып, оралады, бірақ зымыран қайтып оралмайды. Ғарышкеменің сыртында адам өмір сүре алмайды. Ғарышкеменің ішінде де біраз қиындықтар бар. Ғарышкерлер ауада қалқып жүреді. Ол жақта барлық зат салмақ жоғалтады. Ғарышкерлер арнайы қапта ұйықтайды. Ұйықтау қабы қабырғаға байланып тұрады.

Жазылым

Қарсы мәндес сөздерді тап:

Ауыр-

Алыс-

Тап-

Биік-

ЖЕКЕ ЖҰМЫС:

Сөйлемдерді оқы, қосымша жалғап жаз.

1. Ғарышқа зымыран..... ұштым.


**2. Ғарышкерлер арнайы қап...
ұйықтайды**

3. Ғарышкерлер ауа..... қалқып жүреді.

**4. Ғарышкеме 4000 шақырым..... тез
жетеді.**

Есіңе сақта:

- **1.Ғарышқа зымыранмен ұштым.**
- **2.Ғарышкерлер арнайы қапта ұйықтайды**
- **3.Ғарышкерлер ауада қалқып жүреді.**
- **4.Ғарышкеме 4000 шақырыммен тез жетеді.**



**Үйге тапсырма: жаңа сөздерді
жаттау**

Бағалау:

Сабаққа белсенді қатысқан оқушыларға қызыл , орташа жақсы қатысқандарға көк, қанағаттанарлықтарға сары бесжұлдыздар тарату

